



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

танымал түркітанушы-ғалым ретінде мақтауға немесе мадақтауға мұқтаж емес. Біздің міндетіміз – оның мұрасына үстірт қарамай, еңбектерінің мазмұны мен өзектілігін ашуға, терең зерттеуге лайықты үн қосу. Бүгінгі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Ұлы еуразияшылдың» ғылыми идеялары мен шығармашылық мұрасын насихаттайтын бас ғылым және білім орталығы болып отыр».

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек Ақселеу. Гумилев // Егемен Қазақстан.- 2004.- 1 қазаң.- 7б.
2. Л.Н. Гумилев: этногенез теориясы. Құрастырушы – Исакова К.И. – Астана: ЕҰУ АББ. 3–160 б
3. Сейдімбек Ақселеу. Гумилев // Егемен Қазақстан.- 2004.- 1 қазаң.- 7б. Г.В.
4. Вернадский. Начертание русской истории. Прага, 1927. -5-бет).
5. Ахматова А.А. Реквием // Собр. соч. в двух томах. М.: «Цитадель», 1996. С. 197.
6. Сыдықов Ерлан. Мақсат пен таңдау: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректорымен сұхбат.//әңг.А.Сәметқызы.//Қазақ әдебиеті.-2012.- 1 маусым. – №22.
7. Гумилев Лев Николаевич // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – Т 3. – 86 – 87 б.
8. «Халықтың тарихқа қосқан үлес оның санына байланысты болмайды»: Гумилевтің соңғы сұхбаты. // Егемен Қазақстан.- 2008.- 18 қараша. - 5 б.

ӘӨЖ:159.09(09)

## ШӘКӘРІМ МЕН ТОЛСТОЙ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК ТАҒЫЛЫМЫ

**Бердибаева Алтынай Амирбекқызы**

[Berdibaevaaltynai15@gmail.com](mailto:Berdibaevaaltynai15@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Шәкәрім бабамыз бен орыс ғұламасының арасындағы рухани байланысының тағылымы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Жалпы екі ойшылдың өздері өмір сүрген уақытта рухани үндестікте болып, хат алмасқандығы баршамызға аян. Бірақ екі ойшылдың хат арқылы ой-пікір алмасқандығын айқындайтын тарихи құжаттар сақталмағанын білеміз. Алайда, Шәкәрім ұлы Ахаттың естелігіндегі деректер ғана бар. Бұл құнды деректе, Ахат Шәкәрімұлы өз әкесімен орыс жазушысы арасындағы болған әңгіме және Шәкәрімнің Толстойға қойған сауалдарының мазмұны келтірілген. Мәселен, «Марқұм әкеммен болған бір әңгімеде: «Сіз Толстой туралы жай әңгімеңізде де, Толстой туралы жазған өлеңіңізде де оны өте жоғары бағалайсыз», – дедім. Сонда әкей айтты: «Мен Толстойды бұрында да бағалайтынмын. Әсіресе, мен Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Сол сұрақтарыма Толстой маған өте қымбатты жауап қайтарды. Сол жауаптары мені толғандырып, ғибадат алатын сабақ болып, көңіліме орнап қалды. «Адамның арына тиетін жағымсыз қылықтардың ішінде және Сіз білетін арға ең ауыр тиетіні не?» – дедім. Толстой бұған: «Осы тізіп тұрғандарыңның барлығы да адамшылық арға тиетін нәрселер. Меніңше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол адам көпшілікке не қоғамға зиян келетін хақиқат істі біліп, соны бір нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші: сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа зиян тисе, екінші: сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші: сол хақиқатты айтсаң, басың жазаланатын болса, міне, осы үш түрлі зардаптардан қорғанып, көпке зиян келетін хақиқатты айтпай қалсаң,

арға ең ауыр тиетіні осы», – деді. Екінші: «Ірі шығармалар жазуға бет алдым. Бұған қандай кеңес бересіз?» – дедім. Бұған ол кісі: «Көп адамдар қатысатын шығарма болсын, не әңгіме болсын, алдымен, сол әңгіменің уақиғасына, іс-әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуы керек. Сол уақиғаның жайы жазушыға айнадай айқындалып, сезініп тұрғандай болуы керек. Олай болмаған күнде әңгіме дәл, қызықты болып шықпайды. «Көлеңкеге пішкен тон бойға шақ келмейді» деген мәтелді жазушы ойдан шығармауы керек. Ішіне араласпай, сырттай ой-жотамен жазылған шығарма шындыққа жанаспай, қызықты болып шықпайды», – деді. Үшінші: «Өз жазғанымның дұрыс, терісін сынау қиын, өз шығарманың қатесін қандай әдіспен көріп, сынап, түзеуге болады?» – деген сұрағыма ұлы жазушы: «Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, соны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. «Біреудің қатесін біреу көреді» деген де бар. Бәрінен адам өз қатесін өзі көріп, өзі түзеген артық, өз қатесін түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Егер адам істеген өз ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сыната білсе, ақ жүректің сезімі оны ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ымбалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, біреудің мінін де көре алады, сондықтан әділ сыншы – ақ жүрек», – деді» [1]. Бұдан біз, екі ойшылды сұрақ-жауап түрінде ой-пікір бөлісуге бір арнаға тоғыстырған ішкі өзектерінің өзара ұқсастығын байқаймыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылықтың арқауы мен ақиқат турасындағы сауалдарына Толстойдың үндестікпен үн қатуынан орыс ойшылы мен қазақ ойшылының арасындағы ұштасқан рухани байланысты айқын көруге болады. Екі ойшылдың ақиқатты іздеуінде ортақ рухани бастаулар бар. Біз, яғни бүгінгі жас ұрпақ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасын оқи отырып орыс жазушысының тағылымын танимыз. Себебі, Шәкәрім мен Толстой арасында өрбіген ой-пікір үндестігі мен тағдыр ұқсастықтары тағы бір арнаға тоғысады. Шәкәрім Құдайбердіұлы қайшылыққа толы қоғамда өмір сүрді. Соны тудырған кереғар дүниелермен күресті. Ол ақынның дін мен ақиқат, Жаратушы турасындағы көзқарас турасындағы туындыларынан аңғарылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниеге, өмірге, дінге деген өлеңдерінен адам «таза ақыл» мен «жүрек көзі» арқылы ақиқатты танитындығына көз жеткіземіз. Ал, ақиқатты білген адам өзін таниды деген тұжырымға келуге болады. Шәкәрім Құдайбердіұлының терең пәлсәпалық өлеңдерінде дүниені жаратушы Құдіретті Бір күш бар және оны мойындау керектігі айтылған. Бұған адамды қоршаған табиғаттың тылсым құбылыстары түрлі ой сала

Шәкәрім Құдайбердіұлы адам танымына терең үңілді. Көптеген өлеңдер жазды. Соның бірінде: Ақыл құсы адаспай аспандаса,  
Әлемде нәрсе болмас көзден таса.  
Жеті көк жерден оңай басқыш болып,  
Ғарышқа қол жетеді қармаласа.  
Жанның бәрі мендегі жар табар еді,  
Терең ой, сау ақылмен шамаласа, – деп ақиқатты танудағы ақылдың орнын айқындап берді [2].

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Лев Толстойдың ғұмырларының соңғы кездерінің ұқсастығын айтуға болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінің соңғы сәттерін Шақпақ деген жерде жалғыз өткізгізіп, оңашада ой қорытқан болатын. Дәл осылайша Толстой да өмірінің соңғы кезінде жалғыз қалған болатын. Шәкәрім Құдайбердіұлы адамзаттың барлығы тең, тек оларды ақиқат жолдан тайдыратын адам бойындағы жат мінез бен арам пиғыл екенін ащына айтты. Қазақ кемеңгері Шәкәрім Құдайбердіұлының гуманистік идеялары орыс ойшылы Лев Толстой ойларымен бір арнаға тоғысты. Атап айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының «мылтық билеп тұрғанда әділет жоқ», «ар түзейтін ғылым» керек деген өлең жолдары бар. Ал, Лев Толстойдың «Евангелие» кітабындағы «бір бетіңнен ұрғандарға екінші бетіңді де тос» деп көркем мінезділікке шақырады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы адам баласын адамның барлығын қадірлеп, гуманистікке үндеген ізгі идеяның қазығын қалады.

Оны Еңбекке шыда ебін тап та,  
түбі – сары алтын.  
көпті ардақта,

Сабырдың  
Өзімшіл болма,

Адамның бәрі – өз халқың, – деген мына өлең жодарынан байқауға болады[3]. Осы орайда Лев Толстойдың «Бөгде халықтың адамдарын сүй, олар тіпті күш көрсетсе де жақсылық жаса. Немістерде де, орыстарда да Құдай – жалғыз және ешкімді алаламай жақсы көреді; сендер де оның теңдей ұлдарысыңдар, Құдай сияқты күллі жұртқа қайырымды болындар деймін», – [4] деген ойы арқылы мейірімділік, бауырмалдық сияқты игі қасиеттердің негізін салды. Екі ойлышылдың да ойлары сабақтасып жатыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» еңбегі баршаға аян. Бұл терең мазмұнды пәлсапалық трактат адамға рухани азық. Аталған еңбекте, «Өмірдің мәні не?» деген сауалды қарастырады. Бұрынғы заманда өмір сүрген ғұламалардың ой-пікірлерін, өзі өмір сүрген кезеңнің келелі көзқарастарын біріктіре отырып, зерделеді. Ал, орыс ойшылы Лев Толстой болса, осы іспеттес «Круг чтения» деген еңбегінде белгілі жазушылармен қатар Конфуций мен Жан Жак Руссо секілді философтардың ақиқат пен өмір жайлы ойларын тұжырымдаған. Бұл Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Лев Толстой арасындағы рухани үндестіктің болағндығын дәлелдейді. Бұл рухани үндестік Лев Толстойдың Ислам әлемімен байланысымен ұштасқан болатын.

Екі ойшылда адамды хақ жолдан тайдырып, ақиқаттан адастыратын зұлымдық пен әділетсіздік екендігін баса айтып, оған тұсау салудың жолын іздеді. Екі алыпта адамзатқа ізгілік ілімін үндеп, ақиқат жолын аңсады. Терең мазмұнды пәлсапалық ойларының түп қазығы «Ар ілімі» болды. Шәкәрім Құдайбердіұлы ғалымдарға «Ар-ұждан ілімін» әзірлеп, оны барлық білім беру ұйымдарына міндетті пән ретінде енгізу жөнінде ұсыныс айтқан.

Бүгінгі таңда Шәкәрім Құдайбердіұлының арманы жүзеге асты деуге болады. Өйткені, Қазақстанның барлық жалпы білім беретін мектептерінде өткізілетін өзін-өзі тану сабақтары – ар-ұждан сабақтары болып табылады. Менің, ойымша, білім алушыларға тек компьютер мен шет тілдерді үйретіп қана қоймай, мына тылсым дүниеде өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өз бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуымыз қажет деп ойлаймын. «Адамның жақсы өмірінің негізінде билігі бәріне жүретін үш қасиет жатыр: адал еңбек, ар-ұжданды ақыл-ой, шынайы жүрек. Бұларсыз өмірде тыныштық пен келісім табылмайды» - [5] деген, Шәкәрім Құдайбердіұлы. Сондықтан жүрек, бас, қол біріккенде ғана, алдымен өзіңді, жанұяңды және шәкірттеріңді рухани деңгейде ар-ұждан дауысын ести алатындығын ұғындыруым қажет. Л.Н.Толстойды қазақ тілінде сөйлеткен. Бір ерекшелігі Шәкәрім Шығыс және Батыс даналарының ішінен Толстойды бөлекше қарастырып, өзінің ұстазы ретінде қабылдаған.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.

Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,

Сондықтан ол — иесі терең ойдың, [6]-деген қазақ ақыны, дала ойшылы Шәкәрімнің Толстойды ұстаз тұтуы жалаң үйрену мағынасында емес, керісінше даналар үндестігі ретінде қабылдануы қажет деп танымыз. Өйткені Шәкәрім Лев Толстойға тұлға ретінде құрметпен қараған және оның дүниетанымымен өзінің көзқарасы көп мәселеде үндес келетінін де жасырмаған. Мәселен, Толстой «ардың жолын» таңдаған, «әділетті» сүйген, «терең ойдың» иесі екенін атап өтеді. Шәкәрім Толстойдан «Асархидон патша», «Үш сауал», «Крез патша» атты үш туындыларын қазақ тіліне аударған. Адамзат таныған ұлы тұлға Шәкәрімнің терең ойлы, көркем сөзді мұраларындағы рухани құндылықтардың бастау алар тамыры халық даналығында екендігін жеткізу. Шәкәрім шығармаларының қайнарын зерттеуде, зерделеуде осы күнге дейін қанша жұмыс жасалса, одан сан есе көп жұмыстар өз кезегін күтіп тұрғанына дау айта алмаймыз. Ол-

өзі өмір сүрген ортаның қиындығы, саяси ахуалдың шиеленіскеніне қарамастан көп еңбектенген ақын.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық ұстанымы туған елінің өсуі, өрлеуі, көркеюіне қызмет етуімен ұстасып жатыр. Ақын шығармалары арқылы қазақ қоғамының жақсаруына, адамдардың жеке басының жетілуіне әсер етуді мақсұт тұтқан. Бұдан сөз өнерінің күдіреттілігіне көз жеткіземіз. Шәкәрім бабамыз, Сізге қарап бой, ой, сөзімді түзеймін десе, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.»- [7] деген болатын. Ендеше жоғарыда айтылған екі ойшылдың арасындағы рухани үндестік бүгінгі адамзатқа тағылымы мол деп білеміз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ахат Құдайбердіұлы. «Шәкәрім жайындағы естелік», 64-б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-160 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-105 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық толық жинағы.-Алматы; Жидебай: Халықаралық Абай клубы. 408 б.
5. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының толық жинағы. Халықаралық Абай клубы. 2006. 167 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық толық жинағы.-Алматы; Жидебай: Халықаралық Абай клубы. 408 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 12 сәуір. 2017ж.

ӘӨЖ 342.511.7(574)

## **ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

**Ғабдолла Назгүл Самалқызы**

[nazgul.gabdolla@mail.ru](mailto:nazgul.gabdolla@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің тарих факультеті  
6М020300 – «Тарих» мамандығының 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – М.А. Алпысбес

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін».

*Н.Ә.Назарбаев*

Бір шеті шығыста Алтаймен, екінші шеті батыста Каспий теңізімен шектескен, солтүстігі Орал тауларымен жалғасып, оңтүстігі Сыр алқабымен түйіскен ежелгі көшпелі қазақ даласында